

Жаңақорған аудандық мәслихаты шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2022 жылғы 17 қарашадағы № 292 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қарашада № 30660 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Жаңақорған ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жаңақорған ауданының мәслихатының "Жаңақорған аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 12 наурыздағы № 05-16/209 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6221 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Сопбеков